

"2016 жылға арналған бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың кейбір мәселелері туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 20 қаңтардағы № 303 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 07 маусымдағы № 478 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 08 маусымда № 5531 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексіне сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. "2016 жылға арналған бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың кейбір мәселелері туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 20 қаңтардағы № 303 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5316 тіркелген, облыстық "Сыр бойы" және "Қызылординские вести" газеттерінде 2016 жылдың 28 қаңтарында жарияланған) келесідей өзгерістер енгізілсін:

1) аталған қаулымен бекітілген техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізу "Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын 2016 жылға арналған бюджеттік инвестициялық жобалардың Тізбесіндегі:

"Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі" 1 бөлімінің:
реттік нөмірі төртінші жолы жаңа редакцияда жазылсын:

"Қызылорда қаласы Сырдария өзенінің сол жақ жағалауындағы газ тарату желілерінің құрылысы", "Қызылорда қаласы Сырдария өзенінің сол жақ жағалауын жылумен жабдықтау" 4 " " 4
бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін мемлекеттік 326 ;
сараптамадан өткізу

"Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі" 2 бөлімінің:

реттік нөмірі бірінші жолы жаңа редакцияда жазылсын:

" 1 Қызылорда қаласында Сырдария өзенінің сол жақ жағалау бөлігінде көше-жолдары 212 " ;
желісінің құрылысы 911

2) аталған қаулымен бекітілген конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізу "Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын 2016 жылға арналған концессиялық жобалардың Тізбесіндегі:

"Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі" 1 бөлімінің:

реттік нөмірі үшінші жолы жаңа редакцияда жазылсын:

" 3 Қызылорда облысының білім беру жүйесін жетілдіру 1 491 ";

3) аталған қаулымен бекітілген "Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын 2016 жылға арналған концессиялық жобаларды консультациялық қолдау жөніндегі қызметтердің Тізбесіндегі:

"Қызылорда облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі" 2 бөлімінің: реттік нөмірі екінші жолы жаңа редакцияда жазылсын:

" 2 Қызылорда облысының білім беру жүйесін жетілдіру 3 829 ".

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Қ. Көшербаев